

ТҮЙІН

Бұл мақалада жастар арасындағы интернет-коммуникацияға және Орал қаласы жастарының арасындағы сленгке ерекше көңіл бөлінеді. Жастар арасында өткізілген сұрау нәтижелері келтіріліп оларға талдау жүргізілген.

RESUME

Key words: subculture, youth, internet - communication, language, slang, specific

In this article special attention is given to the language of Internet communication in the youth subculture and identify the specificity of youth slang Aktobe caused by Internet communication

ӘОЖ 81'244

Р. Мургазина, студент

З.Г. Габдуалиева, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Аннотация

Авторлар тілдің киелі дүние екендігін баяндап, халықпен бірге мәңгі жасай беретін екі құндылық болса, соның бірі бұл сөзсіз – тіл деп, оны меңгерудің жолдарын көрсетеді.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, рухани байлық, халықтың жаны, ұлттық болмысы, тәуелсіздіктің айғағы, киелі дүние, басты құндылық.

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Тіл мәселесіне келгенде немқұрайлықпен бойымызды ада ұстап, шын жанашырлығымызбен атсалысуымыз қажет.

Абайдың «Өнер алды – қызыл тіл» дегені жайдан-жай емес. Тіл дегеніміз киелі дүние. Дәуірлер мен ғасырларды артқа тастап, телегей теңіз тарихтың толқындарынан аман-есен өтіп, халықпен бірге мәңгі жасай беретін екі құндылық болса, соның бірі бұл сөзсіз – тіл. Халықтың рухының үні, ең құндысы – тіл. Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір азаматтың ту етіп ұстар ұстанымы, сөз етер ұраны, ділгір мақсаты болуы тиіс. Яғни, тіл арқылы рухани дүниеміз кемелденіп, дәстүріміз сақталып, мемлекетіміз байып, бітім-болмысымыз дараланып тұрады.

Елдің ертеңі үшін, мемлекеттің жарқын келешегі үшін үш тұғырлы тіл туралы мәселе көтерілген уақытта, қазақ тілі шеттеп қалмай ма деген мәселе ойландырғаны рас. Бұл орайда Елбасының «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, басшысы, маңыздысы бола береді. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөздері халықтың күдігін сейілтп, сенімін арттырды. Қазақ тілінің мәртебесі Ата Заңымызда тайға таңба басқандай айқындалды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымының биік мінберінен барша әлемге, дүниежүзінің алпауыт елдеріне, өз баяндамасын қазақ тілінде, ана тілінде жеткізді. Президент өз сұхбатында: «Менің сөзім барлық ресми алты тілге ілеспе аударылуы болашақта да жалғасатын болады. Біздің тіліміз дүниежүзіне естілсін, құлақтарына сіңсін. Менен кейінгі басшылар да осылай сөйлейді деп сенемін» - деді.

Алты алаштың тілін биік мінберден алты құрлыққа танытып айтқан кезде елдің қуанышында шек болған жоқ. Бұл мәңгілік елдің басты құндылығы – мемлекеттік тіл екендігін дәлелдеуді қажет етпейтін көрсетті.

Өзге ұлт өкілі болса да Қазақстан азаматы Асылы Осман «Қашан мемлекеттік тіл өз тұғырына қонғанша, қашан Қазақстанда өмір сүріп жатқан әрбір азамат қазақ тілін өзінің ана сүтімен берілген туған тіліндей меңгермейінше, мен тіл мәселесін айтудан жалықпаймын. Маған ана да, пана да болған қазағымның тілі қымбат» деп жүрегі мен ниеті таза қазақ елінің алдында қарыздар екенін жасқанбай айтқан болатын. Мен, Асылы Осман ханымның сөзін толықтай қостаймын, себебі, мен де өзге ұлт өкілімін. Ұлтым – татар. Бірақ, өскен ортам да, достарым да қазақтар болғандықтан, осы елдің патриоты ретінде қазақ тілінің дамығанын жүрегіммен қалаймын.

Қытайдың атақты философы Конфуций: «Егерде маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі, тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс түсіндірілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан халық арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деген. Ия, қазір біздің елде де тіл бірлігі маңызды орында болып тұр.

Ұлы даланы мекен еткен байырғы қазақ халқы басқа да ұлт өкілдерінің тарихи тағдырын тоғыстырып, бейбіт қоғамды орнықтыруға қол жеткізіп отырған себепкері – тіл екені бәрімізге аян.

Қазақ тілі YII ғасырда алып арабқа, XIII ғасырда тегеурінді монғолға да, XIX-XX ғасырда ормандай қаптаған орысқа да төтеп беріп, сақталып қалған – тіл. Сондықтан да Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі мәңгі жасай береді дегім келеді.

«Байтақ жер де, бай тіл де – қазақтікі» – деген сөзді Ахмет Байтұрсынов текке айтпаған, яғни қазақ тілі – тек қазақ топырағында ғана өркендейді, қолданыста болады, өз тұғырына қона алады. Әрине, тәуелсіздіктің арқасында өзге тілсіз де күн көруге болатынын қаршадай қазақ баласы Димаш әлемнің алты тілінде, орыс тілін қоспай, ән шырқап, мемлекетіміздің мерейін көтеріп, әлемдік деңгейдегі мегажұлдызға айналып, дәлелдеп берді. Димаш Құдайбергелі орындаған қазақтың екі әні Азиядағы ең үздік әндердің қатарына еніп, мемлекеттік тіліміздің абыройын асқақтатты.

Бұл жерде біз, жастар, өзге тілдерді жамандап отырған жоқпыз, тек отаршылдардың қазақтарды дыбыссыздандыру арқылы тілсіздендіру, тәуелсіздендіру арқылы ұлтсыздандыру саясатының зардабын әлі де тартып келе жатқанымызды айтқымыз келеді.

Осыдан латын әліпбиіне көшу, сөз жоқ, ұлт санасын жаңартудың алғышарттарының бірі екені туындайды. Алаштың көрнекті қайраткері Халел Досмұхамедұлының тарихи жазбасы тура бүгінгі жастарға бағышталғандай әсер қалдырады: «Ана тілін жақсы біле тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана

тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате. Бұл – оқығандардың есінен шықпауы керек».

Жеті жұрттың тілін білген, бірақ, ең алдымен өзінің ана тілін сүйген, ана тілін қадірлеген ғұламаның латын тілі туралы келесі ойлары да бүгінде өз мәнін жойған жоқ. «Осы заманғы ғылым Еуропа ғылымы барлық Еуропа ғылымында қолданылатын тіл – латын тілі. Сондықтан, латын тілі жұртқа ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса, француз да, неміс те, жапон да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп, қатарға кірсем деген халық латын сөздерінен қаша алмайды».

Қазір қазақ тілінің маңыздылығы, қолданыс аясын кеңейтуде. Алаш зиялыларынан бастап бір ғасырдан бері айтылып келеді. Қазіргі уақытта тіл туралы мақалалар халық психологиясын шаршатып та жіберген сияқты. Тіл саясатын дамытуды айта бергеннен гөрі нақты ұсыныстармен жұмыс жүргізілген дұрыс деп ойлаймын.

Біріншіден, адамның табиғаты кез-келген жаста тілді үйреніп кетуге бейім екендігін ғылым өзі дәлелдеп отыр. Бәлкім тілдің қадірін «егер осыдан маған тіл бітсе, тіл атаулының бәрін үйреніп алар едім» дейтін мылқаулардан сұрау керек шығар. 27 жылда қазақ тілін үйрене алмаған қазақстандық азаматтар мемлекеттік тілді құрметтемейтінін, үйренгісі келмейтінін ашық айтқан дұрыс шығар.

Екіншіден, қазір жастар кітап оқымайды дейді, ендеше кино, клип, мультфильм, бейнероликтертерді тамашалауға құштар жандарға қалтафон байланыс желісі бойынша мемлекеттік тілді үйренуге болады емес пе?!

Үшіншіден, ғаламтордың дамуы оны қолданушылар көптігімен өлшенетінін бәріміз де білеміз. Сондықтан ғаламтордағы қызықты сайттар арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыз тілді өздігінен үйреніп жүрген жоқ па? Қазақстан деген кең байтақ елдің тілін үйренгісі келіп жүрген шетелдіктер ғаламторда қаптап жүр. Мысалы, Қазақстанда бизнес жасағысы келіп жүрген шетелдіктер, еліміздің қазба байлыққа бай екенін біліп, тілді үйренуге өздері қызығып отыр емес пе.

Төртіншіден, қазір ең бір қуанатын жағдай Қазақстандағы барлық төлемдерді жүргізетін терминалдар мен банкоматтар қазақша қолданылып жүр. Бұл да бір адым жаңалық.

Бесіншіден, ең өкініштісі, спорттан Қазақстанның құрамалары мемлекеттік әнұранды білмейді. Чемпион болып Әнұранға қосылып айта алмайтындарға көзіміз үйреніп те кетті. Егер спортшы әнұранды білмесе қандай патриот? Спортшының міндеті жарыста әнұранды орындату емес пе?! Қанша жеңімпаз болса да әнұранды білмеу – намыссыздық деп айтар едім.

Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Мағжан Жұмабаевтың тілінде айтсақ:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!».

Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емеспе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Осыны жастар түсінсе екен деймін.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екендейді.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Сөзімді Альфонс Даудеттің «Соңғы сабақ» атты әйгілі хикаясынан үзінді келтіріп аяқтайын. Хикаяда жау қолында қалған елдегі мұғалім соңғы сабағын «Құлдықтан құтылудың жалғыз жолы ана тілімізді ұмытпау және қорғау» деп аяқтаған екен. Сондықтан «Мәңгілік елдің басты құндылығы – Мемлекеттік тіл» екенін, ойлы да саналы жастар үшін тағы да еске түсіргім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Тіл және руханият: өзекті мәселелер. Халықаралық конференция материалдары. -Астана: Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру - әдістемелік орталығы, 2017.
3. Айтбайұлы Ө. Ана тілім, ана сүтім, арым менің.(мақалалар жинағы.) -Алматы: Арыс, 2017.
4. Білімділер порталы, 2017ж.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы показывают, что язык – это самое дорогое на свете. Из двух вечных ценностей – язык и пути его исследования являются наглавнейшим.

REZUME

In this article the authors show that language is sacred as the only value in the world. From two values language is the most important and the way of its research considers as the main one.

ӨОЖ 342

Б. Шотов, студент

Г.Т. Онаева, заң ғылымдарының магистрі
Болашақ Академиясы, Қарағанды қаласы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР САЯСАТЫ

Аннотация

Қазақстан Республикасындағы конституциялық білім алу құқығын қалыптастырудағы мемлекеттік бағдарламалар мен олардың жүзеге асырылуы барысындағы құқықтық, әлеуметтік мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: Концепция, конституция, реформа, потенциал, білім.

Халықаралық қоғамдастықпен қабылданған адамның дамуының концепциясы, бүгінгі күнде әлем әр елге оның білім саласындағы жетістіктеріне мән беру арқылы бағалайтынын білдіреді. Алдыңғы қатарлардағы мемлекеттердің, соңғы он жылда экономикалық көтеріліске және сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықта жетістіктерге жеткен тәжірибелері, айқын түрде осындай жетістіктерге қол жеткізу ол қоғамның